

Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 28 маусымдағы N 3-1-457қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 1 тамызда N 404 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 113-318 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 27.02.2014 № 113-318 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына және «Республикалық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1102 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 05.12.2013 № 113-2064 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасы бекітілсін.

2. Астана қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 3-1-668қ "Астана қаласы мемлекеттік коммуналдық меншік (мүліктер) объектілерін мүліктік жалдау (жалға беру) тәртібі туралы қағидаларды бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Астана қаласының Әділет департаментінде 2002 жылғы 22 мамырда N 197 болып тіркелген; "Вечерняя Астана" газетінің 2002 жылғы 25 маусымдағы N 73 санында жарияланған, "Астана Ақшамы" газетінің 2002 жылғы 20 маусымдағы N 82, 2002 жылғы 25 маусымдағы N 84 сандарында жарияланған).

3. Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 3-1-293қ "Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүліктерін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.С.Мамытбековке жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

Құжаттамалық сараптама

бөлімінің меңгерушісі

*"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік*

мекемесінің директоры

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 3 - 1 - 457 қ қаулысымен
бекітілген

Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық қатыстылығына қарамастан, барлық мемлекеттік мекемелердің және кәсіпорындардың, сондай-ақ басқа да ұйымдардың орындауы үшін міндетті, мемлекеттік коммуналдық мүлікті жалға берудің негізгі қағидалары мен тәртібін белгілейді.

2-тарау. Қағидада қолданылған ұғымдар

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

баланс ұстаушы - иелігінде (балансында) мемлекеттік коммуналдық мүлкі
б а р ұ й ы м ;

мүліктік жалдау (жалгерлік) шарты - жалға беруші уақытша иелік еткендегі және пайдаланғандағы ақысына жалгерге мүлікті беруге міндеттенетін шарт;

мүліктік жалдау (жалгерлік) - жалға беруші мемлекеттік коммуналдық мүлікті уақытша иелік еткендегі және пайдаланғандағы ақысына жалгерге беру;

жалға беруші - жалдау шартында меншік иесі - Астана қаласының әкімдігі атынан уәкілеттенген тарап. Астана қаласының аумағында мемлекеттік коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға беру құқығы Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін басқаруға уәкілетті органға тиесілі;

жалгер - мүліктік жалдау (жалгерлік) шартында мемлекеттік коммуналдық мүлікті белгілі мерзімге, белгілі ақыға және шартта белгіленген талаптармен уақытша иелік етуге және пайдалануға алған тарап;

мүліктік жалдау (жалгерлік) объектісі - мемлекеттік коммуналдық мүлік;

тендерді ұйымдастырушы - мемлекеттік коммуналдық мүліктің объектілерін жалға беру бойынша тендерді өткізуге жалға берушімен уәкілеттенген тұлға. Тендерді ұйымдастырушы жалға беруші болуы мүмкін.

3-тарау. Тендер өткізу тәртібі

\$1. Негізгі ережелер

3. Мемлекеттік коммуналдық мүлікті жалға беру мынадай жағдайларды қоспағанда, тек тендерлі негізде ғана жүргізіледі:

мүлікті мемлекеттік мекемелерге, акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға елу одан астам пайызы (үлестерінің) немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік қорлар және заңды тұлғаларға және заңды тұлғаларға жалға беру;

Астана қаласы әкімдігі қаулыларының негізінде коммуналдық меншіктің стратегиялық маңызды объектілерін жалға беру;

Жалға берушінің жазбаша келісімімен жүзеге асырылатын, баланстық құны ең төменгі 150 еселік есептік көрсеткіштен аспайтын жабдықтарды және ғимараттарды курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізу үшін бір айдан аспайтын мерзімге
ж а л ғ а б е р у ;

ауданы 100 шаршы метрге дейінгі орын-жайды бір жылға дейінгі мерзімге
ж а л ғ а б е р у ;

көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу келісім шартына сәйкес Астана қаласы мектептерінің оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде заңды және жеке тұлғаларға жалға беру (конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу

қорытындылары туралы хаттаманы қоса бере отырып); мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтынушы кооператив, қор, діни бірлестік, заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі және заңнама актілерінде қарастырылған басқалай нысанда құрылған коммерциялық емес ұйымдарға ғимараттарды жалға беру.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2006.12.07 N 16-1008қ; 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Тендер өткізу кезінде жалға беруші өзіне ұсынылған бастапқы талаптар негізінде мүліктік жалдауға ұсынылған объект үшін жоғары жалгерлік ақыны ұсынған тендер қатысушыларымен шарт жасасады.

\$2. Тендерлік құжаттама

5. Тендерді өткізу үшін жалға беруші комиссия құрады, оның құрамына баланс ұстаушының, жалға берушінің өкілдері кіреді.

Комиссияның төрағасы болып жалға берушінің өкілі тағайындалады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Комиссия жалға беруші белгілеген мерзімде және оған мүліктік жалдау объектісі туралы ұсынылған деректер негізінде осы Қағиданың 5-тарауына сәйкес есептелетін, негізгілерінің бірі жалдау ақысы мөлшерлемесінің бастапқы көлемі болып табылатын тендердің талаптарын әзірлейді.

7. Жалға беруші тендер өткізуге жарияланған күнге дейін, он бес күннен кешіктірмей, мүліктік жалдауға ұсынылған объектілер туралы ақпараттық хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Тендер өткізу туралы ақпараттық хабарламаға төмендегі деректер енгізілуі т и і с :

- 1) жалға беру объектісі жөнінде мәлімет, оның орналасқан жері, сонымен қатар балансында объектісі бар ұйымның атауы мен мекен-жайы;
- 2) мүліктік жалдау мерзімі;
- 3) жалдау ақысының бастапқы мөлшерлемесі;
- 4) тендердің шарттары;
- 5) тендер өткізу күні, уақыты және орны;
- 6) тендерге қатысуға өтініштерді қабылдау мерзімі;
- 7) кепілді жарнаның сомасы;
- 7-1) бюджет алдында салықтық берешектің болмауы туралы мәліметтер.
- 8) жалға берушінің көзқарасы бойынша басқа да ақпараттар.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

§3. Тендерге қатысуға өтініш

8. Тендерге жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

9. Тендерге қатысу үшін жалға берушіге төмендегілер көрсетілген жазбаша түрде өтініштер беріледі:

1) ұйымның толық атауы, заңды мекен-жайы, есеп айырысу шоты (заңды тұлға үшін);

2) аты-жөні, мекен-жайы, төлқұжат мәліметтері (жеке тұлға үшін);

3) қатысушы тендерді өткізу талаптарымен танысқаны және келіскені туралы растау.

10. Тендерге қатысу үшін берілген өтінішке төмендегі құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің, жарғының көшірмесі, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі, кепілді жарнаның салынғанын растайтын құжат;

2) жеке тұлғалар үшін - жеке куәліктің көшірмесі, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі, кепілді жарнаның салынғанын растайтын құжат.

11. Тендер басталғанша тендерге қатысушылар жөніндегі мәліметтерді жариялауға болмайды.

12. Комиссия төмендегі жағдайларда тендерге қатысуға өтінішті қабылдамауға құқылы:

1) тендерге қатысушы өзі туралы расталмаған мәліметтер ұсынса;

2) тендерге қатысушысының іс-әрекетке қабілетсіздігі;

3) тиісті түрде ресімделмеген сенімхат (өкіл үшін);

4) кепілді жарнаның салынғанын растайтын құжаттың болмауы;

5) көрсетілген мерзімді бұза отырып, берілген өтініш;

6) басқа жалдау шарттары бойынша бюджет алдындағы қарыздары болса;

7) егер тендерге қатысушы бұрынғы тендер жеңімпазы бола тұрып мемлекеттік коммуналдық мүліктің жалдау шартын жасау және орындау бойынша міндеттемелерін орындамаса.

Басқа негіздерде өтінішті қабылдамауға рұқсат етілмейді.

Расталмаған мәліметтер ұсынылған жағдайда, ондай дерек белгіленген кезден бастап тендерге қатысушы бір жыл бойы тендерге қатыса алмайды.

13. Тендерге қатысушының құқығы:

1) жалға берілетін объект жөнінде тегін мәлімет алуға;

- 2) объектіні алдын-ала қарауға;
- 3) жалдау шарты жобасының талаптарымен танысуға;
- 4) жеке өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхат негізінде өзінің өкілі арқылы тендерге қатысуға;
- 5) жалға берушіге жазбаша хабарлап өзінің тендерге қатысу өтінішін ол басталғанға дейін бір күн бұрын қайтарып алуына;
- 6) өзінің құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге.

\$4. Тендердің тәртібі

14. Тендерді комиссия мүшелерінің қатысуымен тендерді ұйымдастырушы өткізеді.

Тендер басталар алдында тендерді ұйымдастырушы жалға берілетін мемлекеттік меншік объектісін, оның техникалық деректерін және бастапқы жалдау ақысын хабарлайды.

15. Объектіні мүлктік жалға алғысы келетін бірнеше тұлғалар қатысса, олардың арасында аукцион өткізіледі. Ең жоғарғы жалдау ақысын ұсынған тендерге қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

Жалға берілетін объектіге жалғыз қатысушы қатысса, онымен базалық мөлшерлеме бойынша жалдау шарты жасалады.

16. Аукционда жалдау мөлшерлемесі көтерілуі де, төмендеуі де мүмкін.

Бұрынғы тендерде (тендерлерде) сұранысқа ие болмағандықтан жалға берілмеген объектілер бойынша жалдау ақысының төмендеуіне жол беріледі.

Жалдау ақысының мөлшерлемесі төмендеген кездегі кезекті бағаны хабарлаған сәтте объектіні жалға алғысы келетіндігі туралы бір уақытта екі және одан аса қатысушылар тілектерін білдірген жағдайларда тендердің ұйымдастырушысы бағаны көтере бастайды.

17. Жалға берілген объектінің жалгері болып табылатын тендерге қатысушы тендер өткізу кезінде жалға беру құқығының артықшылықтарын пайдаланады, яғни тендер өткізу кезінде қатысушылардың барлығы тең баға ұсынса, сол коммуналдық мүлік объектісінің бұрынғы жалгері жеңімпаз болып табылады. Ол талаптар жөнінде тендерге қатысушылар ол басталғанға дейін ескертілуі тиіс.

Объектіге басқа қатысушылар болмаса, Жалға беруші тендер өткізу кезінде сол объектінің Жалгері болып табылатын тұлғамен бұрынғы шарттар бойынша жалға беру шартын жасайды.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.21 № 16-1231к (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

18. Шағын кәсіпкерліктің субъектісі болып табылатын тендер жеңімпазы оған аукционда ұсынылғаннан 10 пайыз төмен мөлшерлемеді жалдау шартын жасасуға құқығы бар.

4-1) Кепілдік жарна параграфы

Ескерту. 3-тарау 4-1 параграфымен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18-1. Кепілдік жарна тендер қатысушысының мынадай міндеттемелерін қамтамасыз етеді:

- 1) тендерде жеңген жағдайда тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- 2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес мүліктік жалдау (жалға беру) келісімін жасау.

18-2. Тендерде жеңген және мүліктік жалдау (жалға беру) шартын жасаған тендер қатысушысының кепілдік жарнасы мүліктік жалдау (жалға беру) шарты бойынша есептелетін төлемдер есебіне жатқызылады.

Ескерту. 18-2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2012.04.04 № 113-368 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18-3. Жалға беруші кепілдік жарнаны келесі жағдайларда қайтармайды:

- 1) тендерге қатысушыға – тендердің өтуіне 3 күн қалған уақытта оған қатысудан бас тартқан жағдайда;
- 2) жеңімпазға – тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда мүліктік жалдау (жалға беру) шартын жасаудан оның бас тартқан жағдайында.

Қалған жағдайдың барлығында кепілдік жарналар тендер аяқталған күннен бастап 10 банкілік күннен кешіктірілмей, ал егер тендер өткізілгеннен кейін Жалға берушінің шотына ақша түспесе, онда олардың түскен күнінен бастап 10 банкілік күн ішінде қайтарылады.;

\$5. Тендердің қорытындыларын ресімдеу

19. Тендер қорытындысы комиссия мәжілісінің хаттамасымен ресімделеді, онда төмендегілер көрсетіледі:

- 1) комиссия құрамы;
- 2) тендер шарттары;
- 3) тендерге қатысушылар туралы деректер;
- 4) объектінің атауы;
- 5) тендер кезінде белгіленген жалдау ақысының мөлшерлемесі;

б) тендер жеңімпазы;

7) жалға беруші мен тендер жеңімпазының шартқа қол қоюы бойынша міндеттемелері;

8) жеңімпаздан кейін жалдау ақысының ең жоғарғы мөлшерлемесін ұсынған тендерге қатысушы.

20. Тендер нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі тендер жеңімпазына беріледі және оның жалдау шартын жасасу құқығын куәландырады.

21. Хаттамаға комиссияның тендерге қатысушы барлық мүшелері қол қояды.

22. Тендер жеңімпазы жалдау шартын жасасудан бас тартқан жағдайда ол салған кепілдік жарнасы ұсталып қалады және жергілікті бюджетке аударылады. Мұндай жағдайда жалға беруші жеңімпаздан кейін жалдау ақысы мөлшерлемесінің ең жоғарғысын ұсынған тендер қатысушысымен жалдау шартын жасасуға құқылы.

4-тарау. Жалдау шартын жасасу және объектіні жалгерге тапсыру тәртібі

23. Мүліктік жалдау (жалгерлік) объектіні тапсыруды төменде көрсетілген қабылдау-тапсыру актісі бойынша жалға берушінің, баланс ұстаушының және жалгердің уәкілетті өкілдері жүргізеді:

акт жасаудың күні мен орны;

құжаттардың атауы мен деректемелері, осыған сәйкес өкілдер тараптардың мүдделерін ұсынуға уәкілетті;

объектіні тапсыру жүргізілетін мүліктік жалдау шартының күні мен нөмірі; жарамсыздығынан (егер болса) аударылуымен қоса тапсырылатын объектінің техникалық жағдайы;

тараптардың мөрлерімен расталған өкілдердің қолдары.

23-1) тендер нәтижелері туралы хаттаманың негізінде жеңімпазбен белгіленген мақсатта және тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін жағдайда № 2 қосымшаға сәйкес мүліктік жалдау (жалға беру) келісім-шарты жасалады.

Ескерту. 4-тарау 23-1) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. Қабылдау-тапсыру актісі үш данада № 3 қосымшаға сәйкес жасалады, оның біреуі жалға берушіде сақталады, екіншісі - жалгерге тапсырылады, үшіншісі - баланс ұстаушыда болады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

25. Жалға беруші баланс ұстаушы жалгерге олардың арасындағы шартқа қол қойылған күннен бастап кемінде бір ай мерзімінде объектіні тапсыруды қамтамасыз етеді. Қабылдау-тапсыру актісіне екі тарап қол қойған күннен бастап жалдау ақысы есептеледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.21 № 16-1231қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

26. Жалдау шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша немесе шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда жалгерлік объектісін жалгер табиғи тозуды ескерумен қабылдау-тапсыру актісі бойынша бастапқы жай-күйінде, сондай-ақ қарыздардан және басқа да міндеттемелерден бос күйінде баланс ұстаушыға қайтарды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.21 № 16-1231қ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

27. Бір жылдан аса мерзімге жасасқан шарт мемлекеттік тіркеуден өтуге тиісті. Жалдау шартын тіркеуден өткізу жалгердің есебінен жүзеге асырылады.

28. Жалдау шартын жалға беруші бір тараптан мерзімінен бұрын мынадай жағдайларда бұзуы мүмкін:

1) жалгер тартылса;

2) жалға берушінің шешімі бойынша жалгерге оның жазбаша келісімімен басқа тең деңгейдегі объект ұсынылса;

3) жалгер келісім-шарт талаптарын бұзса;

4) жалгер жал шартының іс-әрекет еткен мерзімі ішінде, төлемді 2-ден (екіден) артық белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда және жалға берушінің жазбаша хабарлауы болған жағдайда;

5) жалға берушінің жазбаша келісімінсіз объектіні басқа тұлғаға (қайта жалдау) мүліктік жалдау (жалға беру) келісім-шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін беру жолымен жалдауға (қосалқы жалға алушыға) берсе;

6) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе шартта қарастырылған басқа да жағдайларда.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда- Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29. Жалгер жалдау (жалға беру) келісім-шартының тармақтарын бұзған жағдайда жалға беруші бір жақты тәртіпте шартты бұзады және кейіннен осы объектіні тендер өткізу жолымен конкурс негізінде береді.

Аталған жағдайларда тендер үш ай мерзімнен кешіктірілмей өткізілуге тиісті.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5-тарау. Жалдау ақысының есеп айырысу тәртібі

30. Жалдау ақысы мемлекеттік мүліктің жалдау шарттары бойынша осы Қағиданың 3-тармағы 3-бөлігінде мазмұндалған жағдайларды қоспағанда, Астана қаласының жергілікті бюджетіне аударылады.

31. Жалға ұсынылған жылжымайтын мүліктің жалдау ақысының базалық мөлшерлемелері осы Қағиданың № 1 қосымшаларына сәйкес анықталған.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

32. Жылжитын мүлікке жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі жалға берушімен төмендегідей формулада есептеседі:

$$\text{Ж а} = \frac{(\text{Б қ} * \text{Ө м}) + (\text{Б қ} * \text{Қ ж})}{12},$$

12

Жа - мүлікті жалдағаны үшін айлық жалдау ақысының мөлшерлемесі, (теңге) ;

Бқ - бекітілген активтердің (мүліктердің) бастапқы құны, теңге;

Өм - Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес (жалға беруші мүліктің жалдауға тапсырылатын жабдықтардың жеделдетілген өтеліміне өтелім мөлшерлемесіне түзету енгізуге құқығы бар) анықтайтын, бекітілген активтер (мүліктер) өтелімінің шекті мөлшері, пайыздар;

Бқ - бекітілген активтердің (мүліктердің) баланстық құны, теңге;

Қж - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, пайыздар.

Жалдау объектісі бөлек тұрған жылжымайтын объект болған жағдайда жалға берушінің шешімімен мұндай объектіге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі жеке ұқсастық түрінде есептелуі мүмкін.

33. Жалдау ақысының мөлшерлемесі аукционның нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

34. Коммуналдық қызметтер және мүлікті ұстау төлемдері жалдау ақысына қосылмайды. Жалгер егер мұндай төлемдерді орталықтандырылған төлеу үшін шоғырландырса, ол оларды бөлек тікелей қызметтерді жеткізушіге немесе баланс ұстаушының есеп айырысу шотына аударды.

35. Жалға беруші мен баланс ұстаушыға жалгерден жалдау ақысы және жалдағы мүлікті ұстауға жіберілетін нақты шығындар төлемінен басқа төлемдер

35-1. Күрделі жөндеуді жүзеге асыру жөніндегі міндет мемлекеттік мүлікті жалдаушыға (жалға алушыға) жүктелген жағдайда мемлекеттік мүлікті күрделі жөндеудің құны мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша төлемдердің есебіне жатқызылады. Мемлекеттік мүлікке күрделі жөндеу жүргізудің құны мен басқа да шарттары мемлекеттік мүлікті жалдауға берушімен (жалға берушімен) ж а з б а ш а к е л і с і л у г е т и і с .

Ескерту. 5-тарау 35-1) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

36. Жергілікті атқарушы органның тиісті шешімімен жал төлемінің базалық мөлшерлемесіне жалгер инфляция немесе айлық есептік көрсеткішті өзгерту есебімен келесі жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша жыл сайын осы Ережеге өзгерістер енгізу жолымен түзету енгізіп отыруға тиісті.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

36-1. Банкоматтар, базалық станция жабдығын орнату үшін терминалдар және ұялы байланыс антенналарын орнату үшін орын-жайды мүліктік жалдауға беру кезінде жал төлемінің базалық мөлшерлемесі бір шаршы метрге 3 АЕК (үш айлық есептік көрсеткішті) құрайды.

Ескерту. 5-тарау 36-1) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6-тарау. Жалдау қатынастарын бақылау

37. Жалға беруші баланс ұстаушының осы Қағиданың талаптарын сақтауын, сонымен қатар жалгерлер өздерінің шарттық міндеттерін орындауын тексеруге құқылы.

7-тарау. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік

38. Мемлекеттік коммуналдық мүліктің баланс ұстаушылары Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте:

- 1) жалған ақпарат ұсынғаны;
- 2) пайдаланылмаған мемлекеттік коммуналдық мүліктерді жасырғаны;
- 3) шарттық қатынастарды жасырғаны;
- 4) мемлекеттік мүлікті мемлекеттік емес ұйымдарға конкурстан тыс жалға бергені (осы қағидада аталып өткен жағдайлардан басқа);

5) тендердің талаптарын бұзғаны;

б) объектіні тапсырудан немесе уақытында тапсырудан бас тартқаны үшін
ж а у а п т ы .

38-1. Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар мен акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар басшыларының мүлікті жалға беруге немесе қосалқы жалға беруге құқықтары жоқ.

Ескерту. 7-тарау 38-1) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

38-2. Коммуналдық меншік объектісінің баланс ұстаушысы, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың басшылары осы Қағиданың нормаларын бұзғандығы үшін уәкілетті орган алдында жеке жауапкершілікте болады.

Ескерту. 7-тарау 38-2) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8-тарау. Ерекше жағдайлар

39. Мемлекеттің ерекше меншік объектісі болып табылатын тарихи және мәдени ескерткіштері, тиісті уәкілетті органдармен оларды қолдану және пайдалану шарттары келісілсе, жалға беріледі.

39-1. Тарихи және мәдени мақсаттағы объектілер үшін жал төлемінің мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қарашадағы № 1031 "Мемлекеттік меншікте табылатын тарихи және мәдени ескерткіштердің пайдаланылғаны үшін жал төлемінің мөлшерлемесін белгілеу туралы" қаулысына сәйкес айына бір шаршы метрге 3 АЕК (үш айлық есептік көрсеткіш) м ө л ш е р і н д е белгіленеді.

Ескерту. 8-тарау 39-1) тармақпен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9-тарау. Қорытынды және ауыспалы ережелер

40. Осы Қағида күшіне енгеннен кейін туындайтын қатынастарды реттейді.

41. Осы Қағидада қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Астана қаласы әкімдігінің
2005 жылғы 28 маусымдағы
N 3-1-457 қ қаулысымен
бекітілген

Астана қаласының мемлекеттік
коммуналдық мүлкін
мүліктік жалдауға (жалға)
беру Қағидасына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жалға ұсынылған жылжымайтын мүлікке жалгерлік ақының базалық мөлшерлемесі

Астана қаласының коммуналдық меншігі болып табылатын, жалға ұсынылған жылжымайтын мүлікке жалгерлік ақының базалық мөлшерлемесі төмендегілерді қ ұ р а й д ы :

республикалық бюджеттен немесе басқа да әкімшілік аумақтық бірліктер бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, заңды және жеке тұлғалар үшін Астана қаласының мектеп оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде, коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдар, ұлттық-мәдениет орталықтары үшін – бір шаршы метрге айына **200 (екі жүз) т е ण г е ;**

Астана қаласының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік қорлар үшін – бір шаршы метрге **0 (нөл) теңге;**

басқа да заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар үшін - бір шаршы метрге айына **1 0 0 0 (бір мың) т е ण г е .**

Банкоматтар, базалық станция мен ұялы телефон антеннасы жабдығын орнатуға арналған терминалдар орнату үшін – бір шаршы метрге айына **3 АЕК (үш айлық есептік көрсеткіш).**

Тарихи және мәдени мақсаттағы объектілер - бір шаршы метрге айына **3 АЕК (үш айлық есептік көрсеткіш).**

2 Қ о с ы м ш а

Үлгілік нысан

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

ОРЫН-ЖАЙДЫ ЖАЛҒА БЕРУДІҢ ҮЛГІЛІК ШАРТЫ

Объектінің атауы

Астана қ. № _____ " ____ " _____ ж.

Бірінші тараптан мекеме Ережесінің және Астана қаласы әкімдігінің " ____ " _____ № _____ қаулысымен бекітілген "Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидасының" негізінде әрекет етуші _____

(лауазым, тегі, әкесінің аты)

атынан, бұдан әрі "Жалға беруші" деп аталатын _____

(уәкілетті органның атауы)

және екінші тараптан _____ негізінде әрекет етуші, бұдан әрі "Жалға алушы" деп аталатын _____

(Жалға алушының аты)

төмендегі туралы осы шартты жасасты.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Шарттың мәні 20__ жылғы " ____ " _____ № _____ хаттамалық шешімге сәйкес тендер нәтижелері бойынша, Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру ережесінің негізінде _____

(теңгерім ұстаушының атауы)

теңгерімінде табылатын, бұдан әрі "Мүлік" деп аталатын _____,

(орын-жайдың орналасқан жері және қысқаша сипаттамасы)

(мүлік атауы)

мекен-жайында орналасқан _____ мүліктік жалдау (жалға беру) болып табылады.

1.2. _____

(Орын-жайдың тағайындалымы, не тендер шарты) меншік мақсаттарда пайдалану үшін құқығынсыз, шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қабылдау-тапсыру актісіне (№ 1 қосымша) сәйкес Жалға беруші

орын-жайды мүліктік жалдауға (жалға) береді, ал Жалға алушы қабылдап
а л а д ы .

1.3. Көрсетілген мүлік жалға 20____ жылдың "____" _____
20____ жылдың "____" _____ аралығында беріледі.

2.ЖАЛПЫ ШАРТТАР

2.1. Орын-жайды жалдауға қабылдау-тапсыру (беру сәтінде орын-жайдың іс жүзіндегі жай-күйін көрсете отырып) акт бойынша жүзеге асырылады, оған Жалға алушы, теңгерім ұстаушының өкілдері қол қояды және Жалға беруші бекітеді және осы шарттың ажырамас бөлігі болып
т а б ы л а д ы .

2.2. Шартқа қол қою арқылы Жалға беруші мен теңгерім ұстаушы өзгелерден басқа, беру сәтінде берілетін орын-жайдың кепілдікке қойылмағандығын, сатылмағандығын, тыйым салынбағандығын және шартқа қатысы жоқ тараптардың қандай-да бірімен шарттың қолданылу кезінде талап етілмейтіндігін куәландырады.

2.3. Тараптардың заңды мәртебесінің не ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі шарттың мәнін өзгертпейді және тараптар шартты бұзу ниетін білдірген, оны өзгерту не құқық нормалары қайта оны ресімдеуді талап еткен жағдайларды қоспағанда, барлық құқықтар мен міндеттемелер тиісті құқықтық мирасқорларға беріледі. Бұл ретте тараптар қайта тіркелу фактісінен кейін заңды мәртебесінің өзгергендігі туралы бір-бірін ақпараттандыруға міндетті.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. "Жалға берушінің":

3.1.1. жалдау ақысын аударудың уақытылылығына бақылауды жүзеге
а с ы р у ғ а ;

3.1.2. Тараптардың келісімі бойынша Шартты ұзартуға, өзгерістер
мен толықтырулар енгізуге;

3.1.3. мүліктің мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге
а с ы р у ғ а ;

3.1.4. теңгерім ұстаушымен келісім бойынша орын-жайды, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға Жалға алушыға жазбаша рұқсат беруге құқығы бар.

3.2. "Жалға беруші":

3.2.1. орын-жайды мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 күнтізбелік жұмыс күні ішінде қабылдап-тапсыру

мен оны бекіту актісі бойынша Жалға алушыға теңгерім ұстаушының орын-жайды беруін қамтамасыз етуге;

3.2.2. Шартпен белгіленген тәртіпте Жалға алушының орын-жайды иелену және пайдалануына кедергі келтірмеуге;

3.2.3. Шарт ережелерін немесе жалдау ақысының мөлшерін өзгерткен жағдайда бұл туралы жалдау ақысын төлеудің кезекті мерзіміне дейін Жалға алушы жазбаша түрде хабарлауға;

3.2.4. төлем мерзімі өтіп кеткен жағдайда жалдау ақысын енгізудің кезекті мерзіміне дейін 10 күннен кешіктірмей Жалдаушыға хабарлама жіберуге міндетті.

3.3. "Жалға алушы":

3.2.1. жалдау ақысын аванс арқылы төлеуге;

3.2.2. теңгерім ұстаушының жазбаша келісімімен орын-жайды, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруға немесе қайта жабдықтауға рұқсат үшін Жалға берушіге өтініш жасауға құқығы бар.

3.4. "Жалға алушы":

3.4.1. Ағымдағы айдың "_____" күнінен кешіктірмей айына _____ (сомасын сөзбен жазып) теңге мөлшерінде жал төлемін уақтылы енгізуге міндетті. Төлем _____ жергілікті бюджеттің _____ салық басқармасына аударылады, кіріс коды _____, СТН _____, БСК _____, алушы – Астана қаласы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қ а з ы н а ш ы л ы қ к о м и т е т і .

(төлем енгізу реквизиттері)

(төлем туралы банктің белгісі бар төлем тапсырмасының көшірмесі Жалға берушіге жалға төлем жүргізілген күні беріледі).

Жал төлеміне коммуналдық қызмет төлемі және ғимарат, орын-жай төлемі енгізілмейді.

3.4.2. Шарттың 3.4-тармағының 3.4.1.) тармақшасында көзделген жалдау ақысын төлеудің мерзімін жалға алушы бұзған жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің қайта қаржыландыруының жылдық мөлшерлемесіне сәйкес тұрақсыздық айыппұлын төлейді.

3.4.3. Ұйымдармен (пайдаланушы, коммуналдық, санитарлық және басқа қызметтермен) немесе тікелей теңгерім ұстаушымен осы шартқа қол қойылған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде орын-жайдың коммуналдық көрсетілетін қызметіне шарт жасауға;

3.4.4. жалдау ақысын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлегеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде төлем тапсырмаларының (түбіртектердің) көшірмесін бере отырып, тоқсан сайын Жалға берушімен есеп айырысуға салыстыруды жүргізуге;

3.4.5. қабылданған орын-жайды Шартта көзделген мақсаттарда ғана пайдалануға;

3.4.6. орын-жайды тиісінше тәртіпте ұстауға, орын-жайды немесе онда орналасқан инженерлік коммуникацияларға зақым келтіруі мүмкін әрекеттерді жасамауға;

3.4.7. тиісті аумақты тиісінше санитарлық қалыпты жағдайда ұстауға;

3.4.8. Жалға алушының кінәсінен және табиғи тозуға байланысты орын-жайдың жекелеген элементтері қалыптан шыққан жағдайда өз қаражаты есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

3.4.9. Жалға берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз орын-жайды, онда орналасқан желілер мен коммуникацияларды қайта орналастыруды немесе қайта жабдықтауды жүзеге асырмауға;

3.4.10. Объектіге және оған шектес жатқан жер учаскелеріне Жалға берушінің, санитарлық қадағалау қызметі және Объектіні пайдалану мен қолдануға қатысты заңдар мен өзге де нормалардың сақталуын бақылайтын басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жіберуге;

3.4.11. Шарт бойынша өз құқықтарын бермеуге, оларды шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталына салым немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде салмауға;

3.4.12. Шартты бұзған жағдайда Жалға алушы бекіткен қабылдап алу-беру акті бойынша шартта белгіленген мерзімде 10 күнтізбелік жұмыс күні ішінде мүлікті қайтаруды қамтамасыз етуге;

3.4.13. "Жалға беруші" жалға берілген мүлікті шарт аяқталғаннан кейін оның тозуы есебімен қабылдап алған сол күйінде қайтаруға міндетті.

Мүлікті жұмыс істемейтін немесе қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйде (нормативтік көрсеткіштерден асатын тозумен) қайтарған жағдайда шығынды өтеуге міндетті.

4. ДҮЛЕЙ КҮШ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ІС-ҚИМЫЛДАР (ФОРС-МАЖОР)

4.1. Тараптардың ешқайсысы басқа тараптың алдында осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмағаны үшін дүлей күш жағдайындағы

іс қимыл болып танылғандықтан жауап бермейді, атап айтқанда төтенше және тараптардың еркінен тыс пайда болған және оны алдын ала білуге немесе болған мүмкіндікті осы жағдайларда болдырмау, оның ішінде жарияланған немесе табиғи апаттар, азаматтық қозғалыстар, жұқпалы аурулар, қоршау, эмбарго, өрт, жер сілкіну, су шаю және басқа табиғи болмыстар болып табылады.

4.2. Тиісті сауда палатасының немесе басқа да құзыретті органдардың берген куәлігі дүлей жағдайындағы іс-қимылдардың болуын және ұзақтығын жеткілікті түрде растайтын болып табылады.

4.3. Дүлей күш жағдайларындағы іс-қимыл нәтижесінде өз міндеттемесін орындай алмаған тарап, басқа тарапты осындай жағдай туралы және оның осы Шартты орындауға әсер ету туралы хабарлауы тиіс.

4.4. Егер де дүлей күш жағдайы қатарынан 3 (үш) ай болған жағдайда, осы Шарт тараптардың қай жағы болмасын, екінші Тарапқа жазбаша хабарлау арқылы қызметін тоқтатуы мүмкін.

5. ШАРТТЫ МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

5.1. Мүліктік жалдаудың бір тарабының талабы бойынша шартты осы шартта айтылған жағдайлар мен тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзгертуге немесе бұзуға болады.

5.2. "Жалға берушінің" талабы бойынша шартты мына жағдайда:

5.2.1. Егер "Жалға алушы" шарт талаптарын немесе мүліктің қолданылу мақсаттарын бұза отырып, осындай әрекеттерді тоқтату туралы "Жалға берушінің" жазбаша ескеруіне карамай пайдаланса;

5.2.2. Егер "Жалға алушы" қасақана немесе абайсызда мүлікті нашар жағдайға келтірсе;

5.2.3. Егер "Жалға алушы" "Жалға берушінің" жазбаша хабарламасынсыз жалға берілген мүлікті үшінші тұлғаға толығымен немесе біртіндеп берсе бұзуға болады.

5.2.4. "Жалға алушының" талабы бойынша шарт, егер "Жалға берушінің" шарт жасасқанға дейін айтпаған жалға берілген мүліктің кемшілігі, немесе "Жалға алушының" қатысы жоқ себептермен пайдалану үшін жарамсыз болып табылатын жағдайда болса.

5.4.5. Осы шартқа сәйкес, "Жалға беруші" органының немесе "Жалға берушіге" қатысты меншік құқығындағы субъектінің қызметін жүзеге асыратын органның шешімі бойынша "Жалға алушыға" берілген орын-жайға мемлекеттік қажеттілік болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

5. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

5.1. Мүлік меншік иесін ауыстыру мүліктік жалдау келісімін өзгерту немесе бұзу үшін негіздеме болып табылмайды.

5.2. Егер "Жалға алушы" шарт тоқтатылған кезде жалға алған мүлкін қайтармаса немесе уақтылы қайтармаса, "Жалға беруші" мерзімі өткен барлық уақытқа пайдаланғаны үшін төлем енгізуді талап етуге құқылы.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Жал шартының талаптарын бұзуда тараптар қолданылып жүрген заңға сәйкес келтірілген залал мөлшерінде жауапкершілік жүктейді.

6.2. "Жалға беруші" "Жалға алушыға" олардың жүргізген жақсартуларының құнын, егер олар оның жазбаша келісімінсіз жүргізген болса қайтармайды.

6.3. Осы шарттан туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөз жасау арқылы шешіледі.

6.4. Келіссөз жүргізу арқылы даулар мен келіспеушіліктерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, дау заңнамада белгіленген тәртіпте сотта қарауға жатқызылады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

7.1. Осы шартқа берілген барлық қосымша келісімдер оның ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылуға тиісті.

7.2. Осы шартта ретте келтірілмеген мәселелер Астана қаласы әкімдігінің "_____" №_____ қаулысымен бекітілген Астана қаласының мемлекеттік коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға) беру Қағидасына, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі нормаларына сәйкес реттеледі.

7.3. Осы Шарт бірдей заңды күші бар, 3 (үш) данада жасалды, 1 данасы "Теңгерім ұстаушыға", 1 данасы "Жалға берушіге", 1 данасы "Жалға алушыға" беріледі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ

"Жалға беруші":

"Жалдаушы":

(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

(қолы)

№

3

Қ о с ы м ш а

Үлгілік нысан

Ескерту. 3-қосымшамен толықтырылды - Астана қаласы әкімдігінің 2011.06.06 N 16-500қ (осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

ҚАБЫЛДАУ-ТАПСЫРУ АКТІСІ

Астана қаласы

20__ жылғы " __ " _____

Құрамы:

(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

атынан беруші тараптан, сондай-ақ _____

(ла у а з ы м ы , Т . А . Ә .)

атынан қабылдаушы тараптан тұратын комиссия 20__ жылдың " __ " _____ № _____ мүліктік жалдау келісім шартына сәйкес жалпы ауданы _____ шаршы метр, _____ мекен-жайында орналасқан орын-жайды қабылдау-тапсыруды жүргізді.

Орын-жайдың сипаттамасы: _____

Техникалық сипаттамасы: _____

"Жалға беруші":

"Жалға алушы":

(лауазымы, Т.А.Ә)

(лауазымы, Т.А.Ә)

(қолы)

(қолы)

"Теңгерім

ұстаушы":

(л а у а з ы м ы ,

Т . А . Ә)

(ҚОЛЫ)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК